БЕКІТЕМІН

«Қымбат апа» бөбекжай

балабақшасы ЖШС-нің

меңгерушісі Ғ.Исмайлова

«Қымбат апа» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары

Темірлан елді мекені

II. Өткен оқу жылының тәрбиелеу мен оқыту жұмысы бойынша талдауы
2.1. Бағдарламаның барлық бөлімдері бойынша білім беру салаларының мониторингі:

Балабақшадағы жемісті жұмыстардың көрсеткіштерінің бірі, балаларды мектепке сапалы дайындау болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруге жүргізілетін мониторинг балалардың бес білім беру саласы бойынша даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік берді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде, балаларды жетілдіруді дамыту деңгейінің диагностикалық картасы қолданылады. Бұл үшін барлық жастағыларды зерттеу картасы әзірленген. Мөлшерлеу құралы болып, әр түрлі тақырыптағы тапсырмалар, 5 білім беру саласы: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» салалары бойынша әр түрлі жастағы топтарда жүйелендірілген дидактикалық материалдар қолданылады. Балаларды бақылау әңгілелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностикалық жағдаяттар арқылы жүзеге асады. Тексеру нәтижелеріне өтпелі тақырыптық есеппен қорытынды жасалады және одан әрі жұмыс істеу үшін түзетулер енгізіледі.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Индикаторлар – білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Балаларды жектілікті дамытуды бағалау үшін «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығына сәйкес тәрбиеленушілердің білімін бағалау өлшемдері қолданылды. Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Диагностиканы жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында жүргізіледі.

- бастапқы – қыркүйек;
- аралық – қаңтар;
- қорытынды – мамыр.


Индикаторлар көрсеткіш ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болып табылады. Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықталды. Нәтижесіндеоқу жылының соңында жүргізілген зерттеу мониторингісінің салыстырмалы қорытындысы «Қатынас», «Денсаулық», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру салалалары бойынша анықталып, жүргізілді. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік берді. Оқу жылының басында тәрбиеленушілерден бастапқы диагностика алынды. Нәтижесінде төмен деңгейдегі балалардың үлесі-42,5%, орташа деңгейдегі балалардың үлесі-54,2%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-9,4%-ды көрсетті.


Аралық бақылау нәтижесінде, тәрбиеленушілерден аралық диагностика алынды. Нәтижесінде төмен деңгейдегі балалардың үлесі-31,5%, орташа деңгейдегі балалардың үлесі-64,2%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 4,3%-ды көрсетті.


Оқу жылының соңында тәрбиеленушілерден қорытынды диагностика алынды. Қорытынды бағалау мониторингті жүргізу үшін аралық бақылау мониторингтің бағалау нәтижелерін басшылыққа ала отырып, карантинге дейін жұмыстанған екі айда жүргізген жеке жұмыстарының бағалау нәтижелері бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына қорытынды бақылау мониторингі жүргізілді. Нәтижесінде төмен деңгейдегі балалардың үлесі-16,8%, орташа деңгейдегі балалардың үлесі-42%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 26,3%-ды көрсетті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келесі оқу жылында тәрбиеленушілермен жеке жұмысты күшейту қажеттігі анықталды. Мониторинг нәтижесі бойынша балалардың құзыреттіліктерінің даму динамикасының оңтайлы екендігі байқалады. Бұдан ұйымдастырылған оқу қызметтері жеткілікті деңгейде жүргізілуде деген қорытынды жасауға болады. Биылғы жылы бөбекжайда балалардың даму құзыреттіліктерінің диагностикасы ғана емес, сонымен қатар балалардың мектепке дайындығына да талдау жасалған. Бітірушілер тобы біреу. Талдау нәтижесі төмендегідей:

№ р/с	Зерттелген білім беру салалары	Қыркүйек 2022ж.			Қаңтар 2023 ж.			Мамыр 2023 ж.		
		Балалардың даму деңгейі								
		I	II	III	I	II	III	I	II	III
5 жастағы мектепалды даярлық тобы										
1	Сауат ашу негіздері және сөйлеуді дамыту		9%	91%	-	8%	93%		4%	100%
2	Математика негіздері		17%	83%		17%	83%		11%	91%
	Орташа пайыз:		**13**	**87**	**-**	**12,5**	**88**	**-**	**7,5**	**85,5**

Қыркүйек 2021ж. *қаңтар 2022ж.* *Мамыр 2023 ж.*







Салыстырмалы бақылау нәтижесінде, тәрбиеленушілермен тіл дамыту жұмыстарын жиі жүргізу, балаларды өз бетінше әрекет етуге, ойын ашық айта білуге үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сурет салу өнеріне баулу, ермексазбен жұмыс жасау технологиясын үйрету қажеттілігі анықталды. Тәрбиешілер мен басқа барлық мамандардың жұмыстары өте тығыз ынтымақтастықта жүргізіледі. Балалардың даму деңгейін тексеру және бақылау әдіскер Ғ.Исмайлованың басшылығымен әдістемелік кеңесте талқыланды.

Ұсыныс: тәрбиеленушілермен жеке, топтық жұмыстарын күшейту, шығармашылыққа бейімдеу, жаңа технология элементтерін ұйымдастырылған оқу қызметінде жүйелі қолдану, ата-аналармен байланысты нығайту.

Шешу жолдары: Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай дидактикалық материалдарды, көрнекіліктерді дайындау, тәрбиешілердің біліктіліктерін арттыру жұмыстарын жандандыру.

2.2. Жылдық жоспардың ұйымдастырылған педагогикалық қызметі жұмысының орындалуы бойынша талдау

«Қымбат апа» бөбекжай балабақшасы ЖШС-нің ұжымының оқу-тәрбиелік жұмысы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы талаптарына сәйкес тәрбиеленушілердің білімділік құзіреттілігін қалыптастыру мақсатына бағытталған. Жан–жақты дамыған, шығармашыл тұлға тәрбиелеу қиын да ұзақ үрдіс. Ол өмір бойы жалғасын табады. Бірақ ең белсенді сезімдер, өмірлік ұстанымдар, адамдарға деген көзқарас, өзін-өзі ұстау мәнері әсіресе мектепке дейінгі жылдарда қалыптасады. Баланың дағдыларын, ойлау қабілетін, шығармашылық қиялын, психологиялық икемділігін тұлғаға бағытталған оқыту қалыптастыратындықтан, балаларды тәрбиелеу және оқыту өте тиімді болып табылады.

І. Балабақша ның 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары 31 тамыз 2023ж №1 педагогикалық кеңес қаулысына сәйкес бекітілді. Жаңа оқу жылының негізгі мақсат –міндеттері:

Мақсаты:

Балалардың Отансүйгіштік қасиетін оятып, ата-баба дәстүрін бойына сіңіріп, салт-дәстүрімізді ұлттық рухани бағытта дамыту

Міндеттері:

Баланың Отансүйгіштік қасетін: денсаулық, таным, қатынас, шығармашылық, әлеумет құзіреттілігі барысында тәрбиелеу, рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша тапсырмаларды орындауға бағытталған оқу-әдістемелік іс- шараларды жүргізу.

І. Педагогикалық кадрлардың сандық және сапалық құрамы


Қазіргі таңда балабақша қызметкерлермен толық қамтылған, балабақша ұжымы бірегей мақсаттармен және міндеттермен бірлескен. Педагогикалық ұжым балабақшадағы жұмыс сапасын жоғарылату үшін өз жұмысын жалғастыру үстінде.

Штаттық кестеге сәйкес балабақшадағы оқу-тәрбие үрдісін 14 педагог іске асырады: 1 меңгеруші, 1 әдіскер, 10 тәрбиеші және 1 психолог, 1 музыка жетекшісі


Сандық және сапалық есебі
2023 – 2024 оқу жылы

Педагогтар саны	Білімі		Оқу түрі					Санаты								Еңбек өтілі									
	жоғары	Орта арнаулы	мемлекеттік		жоғары	%	1 санат	%	2 санат	%	Санаты жоқ	%	Педагог-модератор	%	Педагог-зерттеуші	%	1-5.	%	6-10	%	11-15	%	16-20жыл	%
			күндізгі	сырттай																				
14	13	1	8	6	0	0		%,		%	12	85,7%,	2	14,3%	0	%	6	42,9с%	3	21,4%	5	35,7%	0	0

	Педагогтардың аты-жөні	Курстың атауы	Курстан өткен жылы	Сағаты
	Сырғабаева А.Ш.	ПШО	2022	72
	Калыбаева Ж.Е.	Өрлеу	2022	72
	Қалжигитова М.Д.	Өрлеу	2022	72
	Досмағамбетова Р.С.	Өрлеу	2022	72
	Сарманова С.Ж.	ПШО	2023	72




Тәрбиешілерді бағалау шкаласы



Тәрбиеленушілер санының құрылымы

Контингент құрылымы	«Балақай» кіші топ (2жас)	«Балапан» орта топ (3 жас)	«Балдырған»топ (4 жас)	«Балауса» МАД тобы (5-6жас)	Жалпы балалар саны
Тәрбиеленушілер саны	20	25	25	25	95


МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН МЕҢГЕРУ БОЙЫНША МОНИТОРИНГТІҢ НӘТЕЖЕЛЕРІ
250%
200%
150%
100%
50%
0%
90%
94%
94%
95%
70%
72%
74%
75%
51%
53%
53%
55%
"Балақай"
"Балапан"
"Балдырған"
"Балауса"
Қорытынды
Аралық
Бастапқы

Кадрлармен жұмыс

Педагогикалық кеңестер

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандартына сәйкес педагогтарға педагогикалық білім, талдау және зерттеу дағдысын, бала дамуының психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыра білуге, кәсіби құзіреттілікті меңгеруге көмек беру.

Міндеті: педагогтар қызметінің өзектілігі, педагогикалық кеңес шешімдерін орындаудағы педагог қызметкерлердің белсенділігі.

Балаларды тәрбиелеу және оқыту нормативтік-құқықтық құжаттарға және бекітілген жылдық жоспарға сәйкес іске асырылды. 2022-2023 оқу жылында 3 педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогикалық кеңестердің тақырыптары жылдық міндеттерді көрсетеді.

№1 Педагогикалық кеңес (дискуссия) 31.08.2022ж. өткізілді:

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша педагогикалық ұжымының жұмысын ұйымдастыру»

№2 Педагогикалық кеңес (идеялар марафоны) 22.12.2022ж. өткізілді:

Тақырыбы: «Теория, тәжірибе алмасу».

№3 Педагогикалық кеңес (Дөңгелек үстел) 31.08.2023 ж өткізілді

Тақырыбы: «2022-2023 оқу жылының қорытындылары».

Ата- анамен жұмыс

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және жалпы тәрбиелеудің басты мақсаттарының бірі - балабақшаның отбасы және әлеуметпен қарым-қатынасы.Жыл басында алынған тәрбиеленушілердің отбасының әлеуметтік жағдайын зерттеу нәтижелері ата-аналар контингенті біркелкі еместігін, олардың түрлі мақсаттары мен құндылықтары, білімге жоғарғы талаптары бар екенін, баласына жақсы білім беруге құштар екенін көрсетеді. Қазіргі таңда балабақшаның негізгі міндеттерінің бірі болып барлық ата-аналардың қажеттілігін қанағаттандыру. Ал бұл мәселе тек қана жалпы қоғамның, әлеуметтің, ата-ананың бірлескен жұмысы, шығармашылығы арқылы қол жеткізуге болады.

Біз ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне үнемі қатыстырамыз, ашық көрсетілімдерге шақырамыз, балабақшадағы дәстүрлі іс-шараға, көрмелерге, жарыстарға қатысуға шақырамыз. Әрине ата-анамен жұмыс жүргізуде тиімді формалары: кеңес беру, сауалнама жүргізу, жеке әңгімелесу, ал ең бастысы бірлескен шығармашылық жұмыс. Ата-аналар «Күздің сыйлықтары»,«Менің бақытты отбасым» фотокөрмесін ұйымдастыруға, «Менің бақытты жаңұям»қабырға газетін әзірлеуге үлесін қосты.

Балалармен мерекелер, тақырыптық кештер, атап айтсақ «Білім күні», «Ұстаз –ана ардақты», «Алтын күз», «Тәуелсіздік- тұғырым», «Қош келдің,Жаңа жыл», «8 наурыз аналар мерекесі», «22 наурыз-Әз Наурыз» мерекелеріне арналған ертеңгіліктер өткізілді.

«Күз сыйы»және «Құм қалашығы» тақырыптарында көрмелер ұйымдастырылды. Балалармен сауықтыру және шынықтыру шаралары әр ай сайын өткізіліп тұрады.

Балабақшада ата-аналармен «Сіз қандай ата-анасыз?», «Балабақша ата-ана көзімен», «Балаңыз мектепке дайын ба?» тақырыбында сауалнама, «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролін нығайту», «Бала тәрбиелеудің жолдары», «Отбасы ауа-райының бала тәрбиесіне тигізетін әсері», «Адамгершілік әліппесінің қалыптасуы» тақырыптарында тренингтер өткізілді. Ата-аналармен біріккен спорттық мерекелер ұйымдастырылды. Жалпы ата-аналар, топтық жиналыстарында, мерекелерде, әр түрлі іс-шараларда белсенділік танытты.

Алдағы кезеңде жүргізілетін жұмыстар

- **балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту;**
- **балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу («Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Туған жер» кіші бағдарламасы);**
- **ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқу дағдыларын дамыту;**
- **балалардың тарихқа, табиғатқа, мәдениетке және туған өлкенің бай мұрасына сүйіспеншілігін қалыптастыру;**
- **балаларды мектепте оқуға мақсатты түрде дайындау.**

Оқу жүктемесі барлық жастағы мектепке дейінгі білімнің санитарлы-гигиеналық нормасына және ережесіне сәйкес келеді. Мектепке дейінгі балалардың жалпы білім алу көлемі ойнау және оқу барысы педагогтарды денсаулық сақтау технологиясын қолдануға итермелейді.

2.2.2. Кеңестер: Бөбекжайда педагогтарға әр түрлі тақырыпта кеңестер берілді. Жоспар бойынша кеңес жылына тоғыз рет берілді. Қыркүйек айында «Мектепке дейінгі мекемедегі экологиялық тәрбие» тақырыбында педагогтарға экологиялық тәрбие беру жолдары туралы кеңес берілді. Мектеп жасына дейінгі баланы экологиялық тәрбиелеу мәселесі білім беру теориясының негізгі мәселелерінің бірі болып табылады және тәрбие жұмысы үшін өте маңызды. Қазіргі жағдайда, тәрбиелік ықпал ету саласы едәуір кеңейген кезде, бұл проблема ерекше өткір және өзекті болады. Мүмкін, біздің заманымыздың басты міндеті-табиғатты зерттеу емес, оны сақтау. Адам қалыптасқан көзқарасты осы әлемдегі орнына өзгертуі керек.

Айғақты анықтау

Оқу жылы бойы өткізілген жұмыстар балалардың, денсаулығын сақтау құзыреттілігі, ауру-сырқауды төмендету, олардың өмірі және денсаулығының қорғалуына бағытталды. Қойылған тапсырмаларды шешу үшін пәндік - дамытатын ортаны жабдықтауға, денсаулық сақтау технологиясын енгізуге көңіл бөлінді. Балалармен таңғы шеңбер құру, психогимнастика өткізу психологиялық ахуалдың жасауына мүмкіндік туғызды. Әр жыл мезгіліне серуен картотекасын құру серуен уақытында өткізілетін қимыл белсенділігін ұйымдастыруда жүйелі амал жасауға, түрлі қимыл-қозғалыс ойындарын қолдануға көмектесті.

Бөбекжайда үнемі балалардың қауіпсіздік тіршілік әрекеттерін қорғау тұрғысынан жабдықтау және оқу құралдарын сараптау жұмыстары жиі жүргізіліп отырды. Ұйымдастыру жұмысының айлық жоспарларына педагогтардың денсаулықты сақтау технологиясын қолдану.

Қадағалауды ұйымдастырудың айлық жоспарына педагогтардың денсаулық сақтау технологиясын қолдануды саралау қосылады: сергіту сәттерін қолданудың тиімділігі, ұйымдастырылған оқу қызметіндегі қимылдау шапшаңдығы, ұйымдастырылған оқу қызметінінен жалығуды ескеруі, серуенді ұйымдастыруда балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау. т.б. Осы міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі

жұмыстардың жағдайын талдау мақсатында, 2021 жылы қыркүйек айында «Балалардың бойында мәдени-гигиеналық машықтарды және салауатты өмір салты, күн тәртібін орындау машықтарын қалыптастыру» бойынша тексеріс жүргізілді. Тексеріс нәтижесі мәдени-гигиеналық машықтардың және салауатты өмір салтының бөбекжай бойынша орташа алғанда, орташадан төмен деңгейде қалыптасқандығын көрсетті. Әсіресе, «Балапан» орта тобындағы көрсеткіш өте төмен болды, бұл негізінен осы топқа келген балалардың көпшілігінің ешқандай да гигиеналық машықтарының жоқ болуына байланысты орын алды. Балалардың осы машықтарының сапасына 2023 жылы мамыр айында қайта талдау жүргізу ұсынылды. Қайта жүргізілген талдау барлық жас топтарындағы балалардың машықтары мен біліктіліктерінің айтарлықтай өскендігін байқатты. Тексеріс қорытындысы бойынша айқындалған кемшіліктерді жою мақсатында, педагогтар үшін ұсынымдар әзірленді. Бөбекжайда жүргізілген тексеріс дене тәрбиесі бойынша нұсқаушының дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметін жиі өткізіп сауықтыру тиімділігін арттыруға қол жеткізгендігін көрсетті, бұл ретте дене тәрбиесі ұйымдастырылған оқу қызметінің жиі өтуінің балалардың қозғалыс қимылдарын орындау сапасын төмендетпейтіндігі байқалды. Балалардың бойындағы қозғалыстың жай жүріс, жүгіру, тепе-теңдік сақтау, өрмелеу сияқты түрлері бойынша машықтары жеткілікті деңгейде қалыптасқан ал, лақтыру, секіру машықтарының қалыптасу деңгейі жеткіліксіздеу. Бөбекжайда өткізілген сауықтыру жұмыстары да оң нәтиже берді. Балалардың денсаулығын нығайту бойынша сәтті жұмыс жүргізудің қажетті шарттарының бірі – осы бағытта ата-аналармен бірігіп жұмыс істеу болып қалады. Ол үшін балабақшадағы балалармен жүргізілетін сауықтыру жұмыстарының нәтижелерін ата-аналарға хабарлап отыру. «Дене тәрбиесі және баланың денсаулығы» тақырыбына ата-аналар конференциясы өткізілді, жылжымалы-папкаларға «Айболиттің кеңестері» айдары енгізілді. Аурудың алдын алу бойынша ата-аналарға «Іш-асқазан ауруларының профилактикасы», «Егу не үшін қажет?» тақырыптарында ата-аналарға кеңестер берілді.

Оқу жылының 9айы бойынша ауырып қалу жағдайларын талдау көрсеткіштің бір баланың ауырып қалуына байланысты жіберіп алған күн бойынша төмендегендігін көрсетті.

Ауырғандардың жылдық салыстыру талдауы

Күндері, 1-баланың ауырып қалғаны		өсуі	төмендеуі
2021-2022 жылдары	2022-2023 жылдары		
89	102	13%	

Қиыншылықтар:

- балалар негізгі қозғалыстардың барлығын бірдей жақсы меңгере алмайды;
- балалар гигиена және салауатты өмір салтының ережелері бойынша алған білімдерін әрқашанда үлкендердің ескертуінсіз, өз беттерімен қолданбайды.

Себептері:

- балалармен жеке жұмыс жүргізу кезінде, нысанаға лақтыруға және секіруге жеткілікті назар аударылмайды;
- отбасында қозғалысты дамытуға бағытталған жұмыстардың болмауы.
- Тәрбиешілер балалардың мәдени-гигиеналық машықтарын тәрбиелеуге жеткілікті көңіл бөлмейді.

Сондықтанда, балалардың денсаулығын нығайту, олардың денсаулықтарын сақтаудан хабардар болуын дамыту-ең басты мәселе болып қалады. Бұл келесілермен байланысты:

- балалар балабақшаға әлсіз иммундық жүйемен келеді, ата-аналары оларды мектепке дейінгі мекемеге баруға даярламайды;

- балабақшаға келген кейбір балалардың қарапайым мәдени-гигиеналық машықтары болмайды;
- балалардың дене тұлғасының мақсатты шынығуына дамуына, отбасындағы суық тию ауруларының алдын-алуға ата-аналардың барлығы бірдей көңіл бөле бермейді;
- балалардың СӨС дамыту нысандары мен әдістерін тұрақты жаңартып отыру және балалардың денсаулықты сақтаудан хабардар болуын анықтау үшін жаңа тәсілдерді іске асыру қажеттілігі.

Жоғарыда мазмұндалғандарды ескере отырып, жұмыстың алдағы кезеңінде жүргізілетін міндеттерді белгілеу.

Келешек жұмыстардың міндеттері:

2023-2024 жылғы оқу жылында әрбір жастағы топтар үшін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес келетін, балалардың физикалық және психикалық денсаулықтарын нығайту, олардың денсаулықты сақтаудан хабардар болуын қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру. Осы мақсатта СӨС-ның әр түрлі нысандары мен әдістерін, соның ішінде әдістерді, психологиялық ойындарды және релаксацияға арналған ойындарды пайдалану.

Медицина қызметкері нақты міндеттерді және күтілетін нәтижелерді тұжырымдай отырып, бір жылға балалармен сауықтыру жұмыстарын жүргізу жоспарын құруы және оған СӨС-ның медициналық бақылауды ұйымдастыру, жиі ауыратын балалардың денсаулығын нығайту жөніндегі іс-шараларды енгізу. Осы балалардың ата-аналары үшін, сауықтыру жөніндегі ақыл- кеңестер әзірлеу.

2023-2024 жылғы оқу жылына арналған жұмыстың мақсатын белгілеу:

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Бөбекжайдың басымдылық бағыты: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізі бағыттары:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру;
- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамыту;
- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;
- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыру;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);
- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету

2.2.7. Бақылау және басшылық

Бөбекжайда жыл бойы тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарының жүргізілу сапасына бақылау жүргізіледі.Жылдық жоспардың педогогикалық ұйымдастыру жұмыстарының мақсаты: мектеп жасына дейінгілердің тәрбиелеу-білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру болып табылатын «Бақылау және басшылық». Бөбекжай ішіндегі бақылау мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс жағдайына талдау жасау үшін, барлық тәрбие және білім беру үдерісіне қатысушылардың жұмыстары нәтижелі болуы үшін негізгі ақпарат көзі болып табылады. Басшылық және бақылау бөбекжайда әр түрлі нұсқаларды қолдана отырып өткізіледі: тәлімгерлік және өзара бақылау, өзін-өзі бақылау, жоспарлы-әкімшілік бақылау. Бақылауда мамандармен жұмыс, еңбек, ойын жұмыстары, білім беру саласының жалпы барлық тармақтары қамтылған. Бақылаудың: жедел, бастапқы (алдын ала), тақырыптық бақылау түрлері қолданылады. Қорытынды нәтижесі анықтамалар, диаграммалар түрінде көрсетіледі. Бақылаудың қорытындысы педагогикалық кеңестерде, директор жанындағы жиын және әдістемелік кеңестерде

қаралады. Мәселелерді болжауға жасалған талдаудың нәтижесі бойынша 2022-2023 оқу жылында бақылау нұсқаларын әдістемелік кеңесті тарта отырып түрлендіруді жалғастыру ұсынылған болатын, сондықтан биылғы оқу жылында да балаларды жетілдіруді дамытуға мониторингті, әдіскер басшылығымен әдістемелік бірлестігі жүргізді.

Ұсыныс: топтарда құқықтық бұрыштар дайындау.

Шешу жолдары: тақырыптық буклет, жадынамалар, кітапшалар дайындау.

2.2.12. Материалдық-техникалық база. Бөбекжайдың ашылуы барысында жақсы материалдық-техникалық база құрылған, ол балалармен денсаулық сақтау және тәрбиелік-білім беудің жұмыстарына қойылатын талаптарға сай келеді. Бөбекжайда арнайы топтық бөлмелер, жатын орындар, тамақтану орындары бар. Кабинеттер: әдістемелік, психолог, мұражай кабинеті. Музыкалық зал заманауи музыкалық құралдармен жабдықталған.

Бөбекжай алаңы безендірілген, әр жастық алаңы қажетті ойын және спорттық құралдармен қамтамасыз етілген. Әдістемелік кабинетте балалар мен ата-аналар арасында жұмыс түрлерін ұйымдастыруға көмек көрсететін қажетті әдістемелік, анықтамалық, танымдық әдебиеттер бар. Жыл бойы балалар әдебиетінің кітапханасы толықтырып отырады. Сонымен қатар, «Өзін өзі тану» бағдарламасы бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға қажетті әдістемелік құралдармен толықтырылып отырылады. Материалдық-техникалық базаны қамтамасыз етудің маңызды орыны - пәндік дамытушы орта. Ол ата-аналардың көмегімен және педагогтардың шығармашылық жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Топтардың ұйымдастырушылық ортасы рольдік ойын орталықтарынан, көркемдік, денсаулық сақтау, құрылыс-конструктивті ойындар және театрланған әрекет етуге қажетті дидактикалық ойын құралдарынан тұрады. Барлық ойын құралдары балаларға қол жетімді және санитарлық талаптарға сай келеді. Бөбекжайдағы даму ортасының талаптарға сай келуі мемлекеттік стандартқа сай жүргізіледі.

Бөбекжайда кіші қызмет көрсету персоналының штат саны 5 бірлікті құрайды.Кіші қызмет көрсетуші персонал жыл бойы тұрақты жұмыс істеді, ішкі еңбек тәртібі ережелерін бұзу, лауазымдық нұсқаулықтар тіркелмеген.Кіші және техникалық персоналдың жұмыс кестелері уақытында ресімделді, персонал болмаған жағдайда ауыстыру уақтылы жүргізілді.Сондай-ақ, қызмет көрсету және бақылау ұйымдары тарапынан тақырыптық тексерулер жүргізілді:

- жылу жабдығының жай-күйі;
- ғимараттардың техникалық жай-күйі;
- өрт сигнализациясының автоматты жүйесі және адамдарды өрт туралы хабардар ету жүйесі;
- жарықтандыру, үй-жайлардың ылғалдылығы;
- өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын, нормалары мен ережелерін орындау.

Бақылау нәтижелері бөбекжайда шаруашылық жұмыстары тиісті деңгейде жүзеге асырылатындығын көрсетті.

Қиындықтар:

- бабалардың эксперименталдық жұмысына қажетті материалдардың жеткіліксіздігі, соған арналған арнайы орталықтардың болмауы және балалар үшін қол жетімсіздігі;
- Бөбекжайда дене шынықтыру залының жоқтығы.

Себептер:

- тәрбиешілердің біліктілігінің төмендігі және бөбекжай топтарының тар болуынан балалар эксперименттадық орталықтарының болмауы.

- Ғимаратта артық бөлмелердің болмауы.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, анықталады:

Келешек жұмыстардың міндеттері

- Материалдық базаны толықтыру және нығайту мақсатында жұмыстарды әрі қарай жалғастыру;
- Тәрбиленушілердің маңызды компетенцияларын қалыптастыру үшін пәндік-дамытушы орта жұмыстарын жандандыру және оны «ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына» сәйкестендіру;
- Қазақстанда шығарылатын жаңа әдістемелік құралдармен, ұсыныстармен толықтыру;
- Сонымен қатар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» және «Өзін-өзі тану» моральдық-рухани білім беруді іске асыру үшін әдістемелік базаны нығайту.

2.3. Жылдық жоспар бойынша ата-аналармен жұмыстың талдауы

Ата-аналармен жұмыс жоспарының міндеттері мен нақты мазмұны балабақшаның тәрбие жұмысының жоспарымен тығыз байланысты және біз оны қызметтің үш негізгі кезеңінде жасадық:

1. тәрбиеленушілердің отбасыларын зерттеу;
2. ата-аналардың құқықтық, психологиялық және педагогикалық мәдениетін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізу;
3. күнделікті қарым-қатынас процесінде және арнайы ұйымдастырылған іс-шараларда (мерекелер, кеңестер, балалар суреттерінің көрмелері, театрлық іс-шараларды бірлесіп қарау) ата-аналар мен балабақшаның педагогикалық ұжымы арасында сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.

Оқу жылында балабақша тәрбиешілері ата-аналардың құқықтық, психологиялық және педагогикалық мәдениетін жақсарту бойынша көптеген жұмыстар жүргізді:

4. Балалар құқығының құқықтық негіздері туралы хабардар болды;
5. Отбасы мүшелерін балаларды мереке күндері тәрбиелеу және дамыту процесіне, балалар суреттерінің көрмелеріне және басқа да балабақша іс-шараларына тарту;
6. Ата-аналармен бірге қашықтықтан мерекелер, спорттық жарыстар ұйымдастырылды.

Біз ата-аналарға балалармен жұмыс жасаудың мазмұны, нысандары мен әдістері туралы үнемі ақпарат беріп отырдық, ата-аналарды балаларына арналған тәрбие процесіне отбасылық ойындар конкурстарын, отбасылық альбомдар, газеттер және т.б. ұйымдастыру арқылы қосуға тырыстық.Топтық жиналыстар жылына 4 рет қашықтықтан өткізілді. Балабақшада ата-аналармен жұмыстың тиімді түрлері қолданылды: әр топта балалардың шығармашылық жұмыстарының көрмелері және ата-аналармен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылды.Оқу жылында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері ата-аналар балабақша ұжымының жұмысын оң бағалайды, тәрбиешілерге және бүкіл балабақшаға ризашылықтарын білдіреді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.Педагогикалық ұжымның күш-жігері ата-аналармен жұмыс жасау тәсілдерін жетілдіруге, отбасымен өзара әрекеттесудің тиімді формаларын табуға бағытталған. Осы мақсатқа жету үшін тәрбиешілер шәкірттерінің отбасыларын зерттеді: балаларды отбасында тәрбиелеудің әлеуметтік-экономикалық шарттары, ата-ана тәрбиесі, ата-ананың тәрбие кезіндегі қиындықтары.

Ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілгенін ұйымдастырылған іс-шаралар арқылы байқауға болады. Мысалы, «Қариялар күні» мерекесіне орай «Ардағым-Ардагерім» атты іс-шаралар жоспары жасалынып, Отбасы күні қарсаңына ата-аналармен спорт нұсқаушысы

А.Келгенбекқызының ұйымдастыруымен қашықтықтан «Әкем, анам және мен» атты отбасылық спорттық сайысы өтіп, онда сайыс ережесіне сай әртүрлі спорттық тапсырмаларды орындады.

Қарттар күні қарсаңында топтар арасында қашықтықтан «Асыл әже – сүйікті немере» әжелер отбасылық сайысы өтті. Сонымен бірге, «Әкем, анам және мен – тазалықты сүйеміз!» атты ата-аналармен экологиялық қашықтық байқауы өтті.

Алтын күз мерекесі қарсаңында «Күз керемет» атты табиғи материалдардан көрме ұйымдастырылып, ата-аналар табиғи материалдан жасаған бұйымдарынан көрме ұйымдастырды.тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ата-аналардың қатысуымен «Тәуелсіз Қазақстан!» атты суреттер көрмесі өтті. Көрмеге барлық топтың ата-аналары белсенді қатысты. «Баланың тілін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар» атты жылжымалы папка, «Менің отбасыммен демалысым» - фотокөрме, «Ойлаймыз да ойнаймыз» - фото көрініс, «Балабақша мен отбасы» атты педагогикалық консилиум, «Балаларды қалай жақсы көру керек?» ата-аналар үшін қарым-қатынас сабағы, практикалық ұсыныстар, «Баланың үрейі» психолог кеңесі, «Мектепке барамын» тақырыбында ата-аналарды, психолог, бастауыш сынып мұғалімдерін қатыстыру негізінде ашық есік күні, «Іш-асқазан ауруларының профилактикасы» медбике кеңесі, «Отбасында баланы еңбекке баулу» кеңес, «Дені сау болып өсемін!» (кіші топ балаларын тамақтандыру) Тағамдық қоспалар мен дәрумендер», «Егу не үшін қажет?» медбике кеңесі, «Компьютер ойындарының зияны» атты кеңес, «Жол тәртібін білейік, Аман есен жүрейік!»-жылжымалы папка, «Құстарға қамқорлық» табиғи материалдардан көрме, жас ата-аналарға кеңес: "Сөйлеп үйренемін", «Ата-ана балаңыз мектепке дайын ба?» атты сауалнама, «Ертегілер әлемі» кітаптар көрмелері ұйымдастырылды. Ата-аналар жиналысында оқу жылында өткізілген жұмыстар жайлы ақпарат беріліп, балабақшаның негізгі мақсат-міндеттерінің орындалуы, сонымен қатар балабақша және үй жағдайында балалардың өмірлерін сақтау және денсаулықтарын қорғауды ұйымдастыру шаралары айтылды. Оқу жылының аяғында ата-аналар арасында «Балабақша жұмысы жайлы Сіз не ойлайсыз?» атты сауалнама жүргізілді. Жалпы ата-аналар жиналысында және арнайы топтық отырысқа ата-аналардың 70 пайызы қатысып, аталған мәселелерге қатысты жоғары белсенділікті танытты.

Сауалнама парақтарын талдау келесі нәтижелерді көрсетті:

Сауалнамаға 86 % астам ата-ана қатысты:

- Сауалнамаға қатысушылардың 95% балабақша жұмысын жоғары бағалады;
- Балабақша жұмысын орташа деп бағалаған ата-аналардың 5%.;
- Балабақшаның жұмысы нашар деп ешкім айтпаған.

Екі жыл ішінде *ата-аналармен сауалнаманың* келесі түрлері жүргізілген:

- «Өз балаңыз туралы не айтасыз?» - қыркүйек, 2020ж.
- «Ата-ана, балабақша тынысымен таныссыз ба?»– қазан 2020 жыл
- «Балалардың темпераментін анықтау «Ата-аналар, балаңыздың мінез-құлқы» -сауалнама, ақпан 2021 ж.
- «Бала мектепке дайын ба?» - мектепалды даярлық топтары - сәуір 2021 ж.

Ата-аналардың бөбекжай жұмыстарына қанағаттанушылық дәрежесін анықтау мақсатындағы, өзін-өзі бағалау материалдарын дайындау үдерісінде, ата-аналармен сауалнама жүргізілді, оған 58 адам қатысты.

Ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыстарына деген қанағаттанушылық мәселесі жөніндегі сауалнама нәтижесітөмендегідей болды:

- 97% ата-ана мектепке дейінгі мекемедегі өзінің баласының білімі және тәрбиесі туралы мақсаттары мен міндеттері, мектепке дейінгі мекеменің жұмыс кестесі және балалардың тамақтануы туралы ақпарат алады;

* 89% ата-ана мектепке дейінгі мекемеде балаларды бейімдеу жөніндегі арнайы жұмыстардың қалай өткізілетіндігіне қанағаттанады;
* 85 % ата-ана тәрбиешілердің, олармен балалардың мектепке дейінгі мекемеге келуіне қатысты әр түрлі мәселерді талқылайтындығын атап көрсетті;
* 90% ата-аналар топтағы күнделікті оқиғалар туралы, баланың білім жетістігі, денсаулық жағдайындағы өзгерістері және т.б. туралы (ақпарат қабырғасы, қызметкерлердің ауызша хабарламасы) ақпарат алады;
* 90% ата-аналардың қызметкерлермен бірге бірлесе өткізілетін жиналыстарда балалардың жетістіктері туралы талқылау мүмкіндіктері бар;
* 93% ата-ананы баласының мектепке дейінгі мекемедегі күтімі, алатын білімі және тәрбиесі (сауықтыру, қабілеттерін дамыту және т.б.) қанағаттандырады;
* 97 % ата-ана мектепке дейінгі мекеменің қызметкерлері оларға және олардың балаларына тілектестікпен (жылы шыраймен) қарайтындығын сезінеді;

Сауалнама соңында ата-аналарға мектепке дейінгі мекеменің басқа да жұмыстары және оларға енгізуге болатын өзгерістер туралы кез-келген қосымша ойларын жазуына ұсыныс жасалды. Ата-аналардың көпшілігі балабақша туралы жақсы пікірде. Олар барлық қызметкерлерге балаларға деген қамқорлықтары мен сүйіспеншіліктері үшін алғыс айтады. Ата-аналардың балабақшадағы тәрбиеге және білімге көңілі толады.

Бірақ әкімшілікке қатысты мынадай өтініштер болды:

* балалар алаңындағы керек-жарақтарды ауыстыру, жаңа әткеншектер, сырғанау төбешіктерін орналастыру;
* балабақша қабырғасынан бастап ұлттық тәрбиеге көп мән берілсе;
* жазуды, санауды ересек топтардан бастаса.

Ата-аналарға қойылған әлеуметтік сұрақтардан, ата-аналар балабақша жұмыстарына (92 %) өте риза деген қорытынды жасауға болады. Олардың тәрбие және білім беру жұмыстарының ұйымдастырылуына, педагогтар мен олардың балалары арасындағы өзара қарым-қатынасқа, баланың қауіпсіздігінің қамтамасыз етілгендігіне, тамақтанудың ұйымдастырылуына және өздері мен балабақша қызметкерлері арасындағы қарым-қатынасқа көңілі толады.

Сауалнама нәтижесі бойынша ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша нақты ұсыныстар берілді.

Ата-аналар бөбекжайда қашықтықтан өткен сайыстарға белсенді қатысты, сонымен қатар, балалармен бірге дәстүрге айналған іс-шараларға, мейрамдарға ата-аналар белсенді қатысып, өз көмектерін аямады. Бөбекжайда ұйымдастырылған жұмыстарға ата-аналардың қанағаттануын анықтау және педагогтардың өздерінің кәсіби жұмыстарына деген қанағаттануын анықтау мақсатында, жыл сайын психолог ата-аналармен және педагогтармен сауалнама жүргізеді. Жыл бойы ата-аналарға арналған екі ашық есік күндері ұйымдастырылды. Олардың мақсаты жас ұрпақты тәрбиелеу және білім берудегі педагогтардың көптеген мақсат-міндеттерін іске асыру жұмыстарымен таныстыру болып табылады. Оқу жылы бойы ата-аналар комитетінің мүшелері белсенді жұмыс істеді.

Қиындықтар:

- Ата-аналардың арасында балабақша жұмысын объективті бағаламайтындар кездесуі;
- Бөбекжай қызметкерлерінің баланың тәрбиелену, білім алуы және олардың денсаулықтарын сақтау кеңестеріне ата-аналар арасында құлақ салмайтындардың болуы.

Себептер:

- Балалармен жүргізіліп жатқан жұмыстар жайлы, оның ішінде тәрбиеленушілердің денсаулықтарын сақтау жайлы ата-аналар арасында ақпараттың аз болуы және жұмыстардың жүйесіз жүргізілуі;
- Бөбекжайда жүргізіліп жатқан шараларға ата-аналардың қатысу төмендігі;

Күшті жақтары:

- балабақша және педагогтардың жұмысының ата-аналар тарапынан жағымды бағалануы;
- ата-аналардың бөбекжай жұмысына араласуы және көмек көрсетуге дайындықтары;
- Бөбекжай жұмысынан жалпы ата-аналардың хабардар болуы.

Шешу жолдары:

- Бөбекжайға әртүрлі себептермен келмейтін балалардың ата-аналары үшін кеңес беру орталығын ашу. Аталған орталықтың мақсат-міндеттерін, жоспарын құру.
- Ата-аналарған арналған стендттерде балалармен күнделікті жүргізіліп жатқан жұмыстарды арнайы рубрикалар арқылы көрсету, мысалы «Біз бүгін немен айналыстық», «Біздің жетістіктеріміз» т.б.
- топта жүргізіліп жатқан іс-шараларға ата-аналарды қатыстыру, сонымен қатар ұйымдастырылған оқу қызметтеріне шақыру;
- балалардың денсаулықтарын сақтауға бағытталған ортақ тәсілді қалыптастыруда «Сіздің балаңыздың денсаулығы Сіздің қолыңызда» атты жалпы ата-ана жиналысын өткізу.
- Ата -аналар жиналыстарында ата-аналарға бөбекжайда енгізіліп жатқан білім беру бағдарламалары, балаларды тәрбиелеу және оларды оқыту жайлы мәлімет беру.
- Ата-аналарды балалар мекемесінде өткізіліп жатқан денсаулық сақтау шараларының нәтижелерімен ақпараттық стендеттер және ата-аналар жиналысы арқылы таныстыру.
- Әр топта медбике ақпараттық стендте «Айболит кеңестері» атты рубрикасын жүргізу.

2023-2024оқу жылының мақсаты:


Бөбекжай мақсаты:

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Бөбекжайдың басымдылық бағыты: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізі бағыттары:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру;
- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамыту;
- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;
- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыру;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);
- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету

2023-2024оқу жылына арналған жылдық міндеттер



I. Ақпараттық анықтама

Мектепке дейінгі мекеменің атауы	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан елді мекені, Абай көшесі-38 Телефон/факс 87075878807 Пошта: e-mail kymbatapa@mail.ru Инстаграм парақша: @kymbat.apa.balabakshasy Индекс 160600 Түркістан облысы білім басқармасының Ордабасы ауданының білім бөлімінің «Қымбат апа бөбекжай балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Бөбекжайдың құрылған жылы	2015 жыл
Жалпы алаңы	2400 кв^2

Жобалық қуаты	100
Мекеменің жұмыс уақыты	Дүйсенбі - жұма
Мектепке дейінгі мекеменің материалдық базасы	Ойыншықтар, дидактикалық материалдар, тұрмыстық заттар
Қай жылдан бастап жұмыс істейді, лицензия №, қай күннен, кім берді	Түркістан облысы білім басқармасының Ордабасы ауданының білім бөлімінің «Қымбат апа бөбекжай балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2015 жыл 02 желтоқсаннан бастап
Бөбекжай меңгерушісі	Исмайлова Ғазиза Абдразаққызы
Жасына қарай топтарды іріктеу	4 топ
Оқыту тілі	Қазақ
Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативті-құқықтық құжаттар	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_ «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_ «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_ Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137 «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235 Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227 Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077_ Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_ Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272 Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің

	үлгілік қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584 Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239 Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883 Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V200002070
Мектепке дейінгі мекеменің жұмыс жасайтын бағдарламасы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235

Жылдық жоспардың негізгі бөлімі

I. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

	Бөлімдері	08	09	10	11	12	01	02	03	04	05	Жауаптылар	Ескерту
I. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру	«Дене шынықтыру» ҰОҚ (ДШ)			(ДШ)– тақырыптық бақылау						(ДШ) – кешенді бақылау		Меңгеруші - Исмайлова Ғ Әдіскер	ҰОҚ үлгілік оқу жоспарына сәйкес
	Режимдік сәттер (РС)			РС				РС			РС	Меңгеруші - Исмайлова Ғ Әдіскер	Күн тәртібіне сәйкес
	Денсаулық күні (ДК)		ДК				ДК			ДК		Әдіскер, тәрбиешілер	Тақырыбы мен өткізу түрі жылдық міндеттерге сәйкес
	Дене шынықтыру сауық-кештері (ДШС)	ДШС			ДШС				ДШС			Әдіскер, тәрбиешілер	Тақырыбы мен өткізу түрі жылдық міндеттерге сәйкес
	Дене шынықтыру мерекелері (ДШМ)						ДШМ			ДШМ		Әдіскер, тәрбиешілер	Тақырыбы мен өткізу түрі жылдық міндеттерге сәйкес
	Рационалды теңдестірілген тамақтануды ұйымдастыру (ТТТ)		ТТТ			ТТТ			ТТТ		ТТТ	Медбике	Санитариялық ережелер
	Медициналық-педагогикалық бақылау (МПБ)			МПБ						МПБ		Меңгеруші - Исмайлова Ғ Әдіскер Медбике	Дене шынықтыру бойынша ҰОҚ-нің жалпы және моторлы тығыздығы, антропометрия, өкпе ауқымын өлшеу, динамометрия, лақтыру және секіру қашықтығын өлшеу

I. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

Мақсаты: Балалардың өмірін қорғау және денсаулықтарын нығайту бойынша жұмыстарды жандандыру, баланың физикалық дамуын жетілдіру.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша алдын алу іс-шараларын жүргізуді қамтамасыз ету: - үй-жайларды жинау және қолды өңдеу үшін дезинфекциялау құралдарының бес күндік қорының болуын қамтамасыз ету; - жұмыс барысында бактерицидті шамдарды, ауа рециркуляторларын қолдану; - бірнеше рет қолданылатын ыдыстарды пайдаланған кезде ыдыстарды санитарлық заңнама талаптарына сәйкес дезинфекциялық құралдармен өңдеу; - қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ыдыстарды, ауаны зарарсыздандыру және үй-жайларды ылғалды жинау; - ЖРВИ белгілері бар қызметкерді уақтылы оқшаулауды ұйымдастыру; - тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын бақылау парақтарын жүргізу және күнделікті таңертеңгі сүзгілеуді күніне кемінде 2 рет (және қажет болған жағдайда) тіркеу; - тәрбиеленушілердің ауыз су режимін ұйымдастыру; - серуендеу кезінде балалар ұжымдарын ажырату.	Эпидемиологиялық көрсеткіштер кезеңінде, үнемі	Меңгеруші, Медбике, Шаруашылық меңгерушісі, барлық қызметкерлер
2	Әр баланың жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып, дене тәрбиесі мен сауықтыру – шынықтыру шараларының сапалы орындалуын қамтамасыз ету.	жыл бойына	Тәрбиешілер, медбике
3	Балаларды алдын-ала егуді, диспансерлік балаларды қарау жұмыстарын уақытымен жүргізу.	жыл бойына	Медбике
4	Дене тәрбиесі мен сауықтыру – шынықтыру шараларының жүргізілуіне сапалы дәрігерлік-педагогикалақ бақылауды жүргізуді қамтамасыз ету.	жыл бойына	Әдіскер Медбике
5	Тәрбиешілердің фильтрді өткізуге жауапкершілігін арттыру, ауырып қалған балаларды дер кезінде анықтап отыру.	жыл бойына	Медбике Тәрбиешілер
6	Спорттық мерекелердің, денсаулық күндерінің, ойын-сауықтарды жүргізу.	жоспарға сай	Әдіскер
7	Денсаулық парағының, ауруды көрсету экранын дайындау.	тоқсан сайын	Медбике
8	Балалардың жеке бас тазалығының сақтауын қадағалау.	жыл бойына	Медбике
9	Бала денсаулығын қадағалау бойынша бақылауды күшейту.	жыл бойына	Медбике
10.	Балалармен жұмыс: Тұмау мен коронавирустың алдын-алу бойынша ата-аналарға қашықтықтан кеңестер беру: «Таза қолдар-сенің қорғаның!» 1. Ойын қызметін ұсыну: Сюжеттік-рөлдік ойындар: «Аурухана», «Дәріхана», «Отбасы», «Дүкен», «Балабақша», «Зообақ», «Саяжай» және т. б. Дидактикалық ойындар: «Сиқырлы қап», «Пайдалы-пайдалы емес». Құрылыс ойындары: «Қуыршақ ауруханасы». Қимылды ойындар.	жыл бойы	Медбике Меңгеруші Әдіскер Топ тәрбиешілері

	2. Танымдық іс-әрекет: «Денсаулық күні – көңілді және маңызды» 3. Сөйлеуді дамыту «Менің сау болғым келеді» тақырыбында шығармашылық әңгімелер құрастыру. 4. Көркем әдебиетті оқу: ➢ Чуковский «Доктор Айболит» 5. Буклет: Денсаулық туралы мақал – мәтелдер жиану. 6. Әңгіме-сұхбат: • «Денсаулық деген не, оны қалай сақтау және көбейту керек?» 7. Өнімді қызмет: Сурет салу: «Дәрігер», «Пайдалы өнімдерді сал». Жапсыру: «Пайдалы көкөністер мен жемістерден Натюрморт». Қолөнер жасау: «Қорқынышты вирустар» Фотокөрме: «Біз денсаулықты сақтаймыз» Плакат: «Абайлаңыз, Тұмау!»		
11.	ЖРС және тұмау бойынша профилактикалық шаралар жоспары	Қараша	Медбике
12.	Профилактикалық жұмыс: Жылжымалы-папка: - «Салауат дәрігердің кеңесі»; - «Ата-аналар үшін денсаулық журналы»	Қаңтар	Тәрбиешілер Психолог Медбике
13.	Ата-аналарға арналған сауалнама: «Отбасындағы салауатты өмір салты»	Қаңтар	Медбике Тәрбиешілер
14.	Педкеңесте, әкімшілік жиналыстарда балалардың денсаулығы туралы сараптама жасау.	Жоспар бойынша	Медбике
15.	Медициналық-педагогикалық бақылау: *Тамақтануды ұйымдастыру; * балаларды шынықтыру;	Апта сайын	Әдіскер Медбике
Санитарлық-ағарту жұмыстары			
1.	Ата-аналармен және қызметкерлермен санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу: - жеке әңгімелер; - денсаулық бұрыштарында басылған ақпарат; - балабақша сайтында ақпаратты орналастыру; Ата-аналарға кеңес: - «Отбасындағы салауатты өмір салты-бала денсаулығының кепілі»	Қыркүйек	Тәрбиешілер
	«Баланың денсаулығына қамқорлық болайық»	Қазан	Медбике
	Жеке кеңестер: «Балалардың денсаулығы біздің қолымызда»	Қараша	Медбике
	«Баланың отбасындағы денсаулыққа құндылық қатынасын қалыптастыру»	Желтоқсан	Медбике
	«Балабақшада және үйде салауатты өмір салты» кеңес.	Қаңтар	Медбике
	Отбасылық хобби әлемі: «Салауатты өмір салты туралы» суреттер көрмесі.	Наурыз	Медбике

	«Егу не үшін қажет?» кеңес	Сәуір	Медбике

І.1. Дене шынықтыру ҰОҚ

Бөлімдері	08	09	10	11	12	01	02	03	04	05	Жауаптылар	Ескерту
«Дене шынықтыру» ҰІӘ (ДШ)			(ДШ)– тақырыптық бақылау						(ДШ) – кешенді бақылау		Директор Әдіскер	ҰОҚ үлгілік оқу жоспарына сәйкес

І.2.Режимдік сәттер

Бөлімдері	08	09	10	11	12	01	02	03	04	05	Жауаптылар	Ескерту
Режимдік сәттер (РС)		Таңер теңгі қабылдауды бақылау	Күннің бірінші жарты сындағы серуенді бақылау				Күннің екінші жарты сындағы балалардың өзіндік әрекетін бақылау				Меңгеруші Әдіскер	Күн тәртібіне сәйкес

1.3.Денсаулық күндерін өткізу жоспары 30 минут.

№	Өткізілу уақыты	Тақырыбы	Қатысушы топтар	Жауаптылар
1.	14 қыркүйек 2023 жыл	«Денсаулық күні»» спорттық сайыс	«Балауса» МАД тобы	Медбике, Тәрбиешілер
2.	Қараша 2023 жыл	«Денсаулық еліне саяхат»	«Балдырған» орта тобы	Медбике, Тәрбиешілер
3.	20 қаңтар 4жыл	«Дәрігер Айболитте қонақта» спорттық сайыс	«Балауса» МАД тобы	Медбике, Тәрбиешілер
4.	Наурыз 2024жыл	«Денсаулығымызды Ауырмағышпен бірге нығайтамыз»	«Балдырған» орта тобы	Медбике, Тәрбиешілер
5.	Мамыр 2024 жыл	«Мойдодыр бізде қонақта» спорттық сайыс	«Балдырған» орта тобы	Медбике, Тәрбиешілер

I.6. Жол-көлік жарақатының алдын алу бойынша «Қауіпсіздік мектебі» жұмыс жоспары

№	Жұмыс формалары	Мазмұны	Мерзімдері	Жауаптылар
	Педагогтармен жұмыс			
1.	Балалардың жол жарақатының алдын алу бойынша балалармен жұмысты жоспарлау және жоспарлау мәселелерін педагогтердің нұсқаулық-әдістемелік кеңестеріне енгізу	Мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілермен ЖЖЕ бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру	тамыз-қыркүйек	Әдіскер
2.	Әрбір жас тобы бойынша «Қауіпсіздік мектебі» перспективалық жоспарын құру	Жоспар бойынша жұмыс жасау	қыркүйек	әдіскер тәрбиешілер
3.	«Тәрбиеленушілерді ЖЖЕ-мен таныстыру бойынша бөбекжайда әдістемелік жұмысты ұйымдастыру түрлері» дөңгелек үстел	әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бойынша пікірлесу	қазан	Әдіскер
4.	Балалар жол жарақатының алдын алу бойынша әдістемелік құралдар, ойындар көрмесі.	Ойындар өткізу әдістері мен тәсілдері	қараша	Тәрбиешілер
5.	Қауіпсіздік айлығын өткізу: «Жол жүру ережелерін қолдану арқылы сюжеттік-рөлдік ойындарды ұйымдастыру» кеңес	әдістері мен тәсілдерін қарау	желтоқсан	әдіскер Тәрбиешілер
6.	Жол қозғалысы қауіпсіздігін алдын алу бойынша алдын алу іс-шараларын өткізу туралы педагогикалық сағаттарда тәрбиешілердің сөз сөйлеуі. (педагогтардың жұмыс	әдіс алмасу	қаңтар	әдіскер Тәрбиешілер

	тәжірибесінен)			
7.	Жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша бірлескен қызметті бақылау, сабаққа қатысу.	Жас топтарында ЖЖЕ бойынша алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша тақырыптық бақылау	жылына екі рет	Әдіскер
Тәрбиеленушілермен жұмыс				
1.	Ойын түріндегі танымдық сабақтар: - Қарым-қатынас жағдайы «Біздің досымыз бағдаршам» (орта топ) - «Назар аударыңыз-жол» (ортаңғы топ) - «Жол белгілері неге қажет?» (мектепалды тобы)	Тәрбиеленушілердің жол жүру ережелерін сақтау қабілетін қалыптастыру тәсілі	қыркүйек	Тәрбиешілер
